

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 81 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.04. N 835 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жоспардан тыс салықтық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алынатын шикізат секторы ұйымдарының тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

- 1) көрсетілген қаулыға 1-қосымшада: реттік нөмірлері 2, 5, 7, 8, 9, 13, 14-жолдар алынып тасталсын; реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын: "3 "Ембімұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы"; реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын: "4 "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";
- 2) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада: тақырыптағы "өндірілген тауарларға," деген сөздерден кейін "орындалған жұмыстар мен" деген сөздермен толықтырылсын; "1 "Дөң кен-байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамы" деген жол алынып тасталсын;
- 3) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада: реттік нөмірлері 2, 4, 5, 6, 7, 8-жолдар алынып тасталсын; реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын: "3 "Ембімұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы";
- 4) көрсетілген қаулыға 4-қосымшада: реттік нөмірлері 1, 2-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі